

"Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамын басқарудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 27 қыркүйек N 1063. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 19 тамыздағы N 824 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен:

1) "Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамының директорлар кеңесін мынадай құрамда сайлауды қамтамасыз етсін:

Қайрат Молдрахманұлы Смағұлов - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Басшысының орынбасары, төраға;

Нәйлә Құрманбекқызы Абдулина - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары (келісім бойынша);

Жомарт Рахымбекұлы Мәжренов - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметінің директоры (келісім бойынша);

Нұрлан Зайроллаұлы Нығматуллин - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар вице-министрі;

Нұрлан Құсайынұлы Рахметов - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі;

Эдуард Карлович Өтепов - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының бірінші орынбасары;

Ізетәлі Шаймерденұлы Тілешов;

2) "Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамының директорлар кеңесіне "Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамы президентінің лауазымына сайлау үшін Ізетәлі Шаймерденұлы Тілешовтың кандидатурасын ұсынсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

